

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТИ



АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Құрметті әріптестер және магистранттар!

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті 2023 жылғы 14 сәуір күні 7М01-«Педагогикалық ғылымдар» бағыты бойынша магистранттардың Республикалық олимпиадасын өткізеді.

Олимпиаданы өткізу тәртібі (*Олимпиаданы өткізу Ережесі қоса тіркелген - 4 б.*)

7М01-«Педагогикалық ғылымдар» бағыты бойынша магистранттардың республикалық олимпиадасының салтанатты ашылуы (14.04.2023 ж. сағ.10.00)

- Қазылар алқасымен таныстыру
- Жеребе тарту (кездейсоқ сандар генераторы негізінде)

7М01- «Педагогикалық ғылымдар» бағыты бойынша магистранттардың Республикалық олимпиадасының конкурстық бағдарламасы

I. Командалардың визиттік карточкасы. «Менің кәсібім – педагог» конкурсы. Өзін-өзі таныстыру, онда педагогикалық мамандықтың маңыздылығы, өзінің педагог ретіндегі кәсібі, өзінің кәсіби кредосын ашу және өзінің кәсіби акме-ге қол жеткізу перспективалары ашылады. Байқау сахнада еркін түрде өткізіледі, командалардың өнер көрсету жеребемен анықталған ретпен жүргізіледі (7 минут).

Бағалау критерийлері:

1. Ұсынудың өзіндік ерекшелігі мен тұтастығы -5 балл;
 2. Мазмұнның тереңдігі, тақырыпты ашудың толықтығы-5 балл;
 3. Ұсыну мәдениеті, артистизм -5 балл;
 4. Регламентті сақтауы-5 балл.
- Ең жоғары балл саны 20 балл

II. Байқау. «Заманауи педагогикалық білім: жаңа тәсілдер мен өзекті зерттеулер» тақырыбындағы зерттеу жобасы.

Жоба мультимедиалық презентация (Power Point, Prezi) форматында ұсынылады, оған талаптарға сәйкес жобаның толық сипаттамасы қоса беріледі (2-қосымша). Презентацияда компьютерлік технологияларды пайдалана отырып, жобаның мазмұны мен нәтижелері сипатталуы тиіс, мәтіндік материалдар, фотосуреттер, суреттер, диаграммалар мен кестелер, слайд-шоу, дыбыстық безендіру және дикторлық сүйемелдеу, анимациялар, үш өлшемді графика және т.б. (20 слайдтан артық емес) қамтылуы мүмкін.

Байқауға түпнұсқа зерттеу жұмыстары ұсынылуы керек.

Бағалау критерийлері:

- тақырыпқа сәйкестігі және оның толық ашылуы – 5 балл;
- мәселені шешу тәсілінің бірегейлігі - 5 балл;
- дәлелдеу және теориялық негізділік -5 балл;
- шешілетін мәселені зерттеу әдістерінің барабарлығы-5 балл;
- негізгі ережелер мен тұжырымдардың сенімділігі -5 балл;
- ұсынудың эстетикасы, дизайнның өзіндік ерекшелігі, техникалық орындау деңгейі, түс схемасы және т. б. - 5 балл.

Максималды ұпай саны 30 ұпай. **Жоба 2023 жылғы 1 сәуірге дейін жіберіледі.**

III.«Ғылыми-педагогикалық зерттеу – жаңа педагогикалық білімді қалыптастыру процесі» тақырыбында ЭССЕ. Үй тапсырмасы. Эссе 2023 жылғы 1 сәуірге дейін жіберіледі (Шынайылық пайызы 70-тен төмен емес).

ЭССЕ 10 баллдық жүйемен бағаланады.

Эссені бағалаудың түрлері мен критерийлері

Теориялық білімге, әлеуметтік және жеке тәжірибеге негізделген өз аргументтерін құра білуде көрінетін сараптамалық және шығармашылық қабілеттердің деңгейін анықтау үшін эссенің келесі түрлері ұсынылады:

Эссе түрлері	Сипаттамасы	Эссе көлемі
Мотивациялық	Магистранттардың ғылыми-зерттеу әрекетінің мотивтері туралы дәлелі (зерттеу мәлімдемесі)	250 сөзден кем емес
Ғылыми-сараптамалық	Ұсынылып отырған зерттеудің (зерттеу ұсынысының) өзектілігі мен әдістемесін негіздеуі	
Проблемалық-тақырыптық	Пәндік білімнің өзекті аспектілері бойынша автордың ұстанымын баяндау	

Эссені бағалау критерийлері

Критерии	Дескрипторлар	Балл
Тақырыпты аша білу 3 балл	мәселені ғылыми терминдер мен ұғымдарды дұрыс пайдалана отырып, теориялық деңгейде ашылды	2
	мәселені ашу барысында өзіндік көзқарасы (позициясы, қатынасы) ұсынылды	1
Негіздеу, дәлелдеу базасы 3 балл	эссе тақырыбына сәйкес ғылыми әдебиеттер мен ақпарат көздерінен алынған дәлелдердің болуы	3
Композициялық тұтастығы және жеткізу логикасы 2 балл	композициялық тұтастықтың болуы, эссенің құрылымдық компоненттері логикалық тұрғыдан байланысқан	2
Сөйлеу мәдениеті 2 балла	академиялық жазудың жоғары деңгейін көрсету (сөздік, ғылыми терминологияны білу, грамматика, стилистика)	2
Ең жоғары балл		10

IV. Теориялық байқау– Блиц-турнир «Педагогика эрудиті».

Командалардың теориялық білімдерін анықтау. Магистранттар педагогика бойынша Ұлттық біліктілік тестілеу сұрақтарына негізделген 5 сұраққа жауап береді

(Экранда әр командаға бір нұсқасы дұрыс 5 нұсқа жауаптары бар сұрақ беріледі)
Дұрыс жауап - 1 балл

V. Қорытындылау

5.1 Республикалық олимпиада жеңімпаздары 1-ші; 2-ші; 3-ші дәрежелі дипломдармен марапатталады. Дипломдар олимпиада қорытындысын шығару сәтінде қатысушы команданың өтінімінде көрсетілген электрондық мекенжайға беріледі және екінші қайтарып берілмейді.

5.2 Қатысушы команда жеңімпаз болып табылатын университетке 2024 жылғы Олимпиаданы өткізеді.

Мекенжай: 112000, Қызылорда қ.

Төле би көшесі, 36 А, 7 оқу ғимараты (Қызылорда қалалық әкімшілік жанында)

Қосымша ақпаратты төменде көрсетілген телефондар арқылы алуға болады:

Ерназарова Гүлбаршын Шаршыбекқызы – 8701169 8045

Омарова Ләззат Тәліпқызы – 8702961 0944

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің ұйымдастыру комитеті

Ескерту: олимпиадаға қатысу қаражаты жіберуші тарап есебінен.